

# БАЛАЛАР МЕН ИНТЕРНЕТ



Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқық қорғау академиясының  
Ұсыныстары



Бүгінгі заманға сай балаға цифрлы технологиялармен толтырылған әлем әсер етеді.

### **Балаға осы сәнді технологиялық құралдарды не береді?**

- ✓ Интернетке кіру мүмкіндігі шексіз. Барлық балалар интернетті шебер пайдаланады, әлеуметтік желілерге кіріп, қызығушылықтары бойынша топтар, пайдалы ақпарат алады да, пікірталастар ұйымдастырады және дамиды.
- ✓ жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Смартфондарды пайдалану қоғамдық және жеке мәселелерді тез шешуге көмектеседі.
- ✓ оқу процесіне көмектеседі.

### **Не істеу керек?**

Барлық тәуекелдерге қарамастан, Интернетті зұлымдық деп атауға болмайды және оны болдырмаудың қажеті жоқ. Желінің мінез-құлықтың белгілі бір ережелерін сақтау, балаңызды ғаламтордың қауіп-қатерлерінен қорғайды және оған дағдыларды дамытуға және жаңа білім алуға көмектеседі.

### **Бірақ,**

Интернеттің оң үрдістері мен пайдалылығын ескере отырып, ол әлі қалыптаспаған адамға жағымсыз әсер етуі мүмкін қауіптерді де қамтиды.

### **Интернеттің қаупі қандай?**



***баланың психикасына теріс әсер етуі мүмкін.***

Интернетте еркін қол жеткізуге болатын түрлі тыйым салынған контенттер сан алуан - порнография, экстремизм, терроризм, өзін-өзі өлтіру, алкогольді жарнамалау, есірткіге тыйым салатын деректер көп.



***уақытты өлтіреді.***

Интернеттегі шексіз уақыт шынайы әлемдегі балаларды алаңдатады, олардың сабаққа деген өнімділігі мен денсаулығына теріс әсер етеді.

***қауіпті танысу.***



Интернетте түрлі адамдар өмір сүреді, соның ішінде жалған және теріс ниеттермен. Мысалы, желіні құру нәтижесінде бала радикалды діни топқа, секталарға немесе өзін-өзі өлтіру қоғамына кіріп кетуге қауіп бар.

***құмар ойындар***



Интернет тек ақпараттық база ғана емес. Ол сондай-ақ, тәуелділікті тудыратын көптеген ресурстардан тұрады, соның ішінде қаржы ресурстары да кездеседі. Олардың ішінде құмар ойындары, онлайн казино.

## Желіде жүру ережелері!

**1. Өзіңіздің жеке мәліметтеріңізді ашпаңыз!** Сайтқа тіркелу кезінде (әлеуметтік желілер, интернет-дүкен және т.б.) барлық жеке мәліметтеріңізді қамтымаңыз. Сіздің нақты деректеріңізді енгізудің қажеті жоқ.

Әлеуметтік желілерде, форумдарда, электронды пошта арқылы достармен сөйлесу кезінде өзіңіз туралы және ата-анаңыз туралы жеке ақпарат, тұрғылықты мекен-жайы, оқу орны, жұмыс орындары, банк карталарының нөмірлерін көрсетпеңіз.

**Есіңізде болсын! Желіде орналастырылған кез-келген ешкімге зиян келтірмейтін ақпаратты, қылмыскерлер қолдануы мүмкін!**

**2. Онлайн танысу қауіпсіз емес!**

Сізбен достасуға тырысатын желідегі барлық адамдарға сенім артпаңыз! Жаңа Интернет-достарыңызды үйге шақырмаңыз және олардың үйлеріне бармаңыз.

**Есіңізде болсын! Көптеген қылмыскерлер Интернеттің көмегімен қылмыс жасайды (пәтерлерді ұрлайды, балаларды ұрлайды және т.б.)!**

**3. Интернеттегі қауіптерден (антивирустық бағдарламалар, брандмауэр) қорғау құралдарын пайдаланыңыз!**

Пошта жәшігіне келген күдікті хаттарға, тіпті олар контактілер тізіміндегі достардан шықса да, сенбеңіз. Қосылған файлды ашпас бұрын оны вирусқа тексеріңіз.

Егер күдікті хат достардан, контактілер тізімінен келген болса, онда хат пен оған тіркелген файлдың қауіпсіздігін растау үшін, жіберушімен хабарласыңыз.

**Есіңізде болсын! Вирустар сіз үшін маңызды деректерін бұзуы мүмкін және оларға қол жеткізу, оларды кейіннен сатып алу мақсатында ұрлап кетуде көздейді**

**4. Балаларға арналған қауіпсіз браузерлерді пайдаланыңыз!**

Мысалы, «Gogul» (<http://gogul.tv>), «KIDO'Z» (<http://kidoz.net/>), бұл Интернет-ресурстар балаларға арналған және психологтар мен тәрбиешілер мақұлдаған болып есептеледі.

### **5. Қауіпсіз іздеу жүйелерін пайдаланыңыз!**

Интернет көптеген қауіпсіз іздеу жүйелерін ұсынады, мысалы «АгА» (<http://www.big-big.ru/poiskoviki/agakids.ru.html>), (<http://www.agakids.ru/>). Іздеу кезінде қауіпсіз беттер шығарады. Балаларға арналған виртуалды іздеу жүйесін пайдалана аласыз:«Quintura(<http://www.irdir.info/ru/ext/dir-resource/6682/>).

### **6. Құпиялылық Функцияны пайдаланыңыз!**

Интернетте шын атыңызды пайдаланбаңыз.

### **7. Ашық жарнамаларға назар аудармаңыз !**

Интернеттегі жарнамалық хабарламаларды немесе жарқын суреттерді баспаңыз.

**Есіңізде болсын! Әдемі жарнама немесе жеңіс туралы хабар етіп, деректерді ұрлауға немесе материалдық залал келтіруге, компьютеріңізді зиянды бағдарламамен жұқтыруға мақсат етеді немесе жүйені блоктауға дайын интернет-шабуылшы болуы мүмкін!**

### **8. QR кодтарын сканерлеген кезде абай болыңыз!**

Қызығушылығына байланысты Интернетте табылған барлық QR-кодқа жауап берудің қажеті жоқ.

Есіңізде болсын! Графикалық сілтемені ашу арқылы фишингке немесе зиянды веб-сайтқа өтуге болады!

### **9. Сайттың мекен-жайына назар аударыңыз!**

Кез келген интернет-ресурсты ашпас бұрын, мекен-жайдың дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Бір қате әріптің немесе символдың мекенжайында пайдалану зиянды сайтқа әкелуі мүмкін.

### **10. Бағдарламалық жасақтаманы жаңартыңыз**

Үздіксіз бағдарламалық жасақтаманы жаңарту компьютеріңіздің қорғалуын қамтамасыз етеді.

**Есіңізде болсын!**

**Киберқылмыскерлер бағдарламалық қамтамасыз етуде осалдықтарды іздейді!**

### **Ата-аналар нені білуі керек?**

- *итернетке кіргенде немен қызығады?*
- *ол қандай сайттарға жиі кіреді.*
- *ол желіде кіммен байланысады.*
- *ол қандай топтарда тұрады.*

### **Ата-аналар желіде өз балаларын қалай қорғай алады?**

- ✓ Интернетке баланың кіру кестесін жасау;
- ✓ компьютерде (ноутбук) ата-ана бақылау бағдарламасын орнатыңыз (келуге рұқсат етілген беттердің ақ тізімін баптау үшін «Интернет Цензора» пайдаланыңыз);
- ✓ установите пароль на компьютер;
- ✓ қатынауды бақылау бағдарламасын қолданыңыз «Rejector.ru» (ресми сайтында);
- ✓ Компьютерді балаға қауіпсіз режимге қойыңыз;
- ✓ Балаға Интернетте кездесетін қауіп-қатер туралы айтыңыз.

Бала түсіну керек - Интернеттегі барлық ақпарат сенімді емес, әркімге сенім артуға болмайды, интернет-аукциондарға қатысуға және Интернет төлем жүйелеріне кіруге, желіде өз үй мекен-жайы, отбасы туралы жариялауға болмайды. Қымбат гаджеттер мен сатып алулар туралы мақтануға, бөтен адамдармен қарым-қатынас жасауға тыйым салуға қажет, әсіресе егер олар фотосурет немесе ұсыныс жасауды сұрайтын болса.

- ✓ Баламен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз (оған қандай қызметтер, сайттар қызықтыратыны және қайсысына кіруге болмайтынын шектеу қажет;
- ✓ Балаңызды киберқылмыскерлерге қарсы әрекет етуге үйретіңіз.

(баламен келісіп алыңыз, егер ол қорлайтын хаттар немесе қатерлер алса, ол сізге бұл туралы айтуы керек. Желідегі дәрекілік нашар тәрбие мен өзін-өзі күмәннің белгісі екенін түсіндіріңіз.)

Өзіңізді қорғаудың ең жақсы жолы - қарсыласыңызды елемей, оны қара тізімге жеке немесе модератор арқылы қою.

- ✓ балаға интернеттегі қасірет шегуге болатындығын айтып, интернет арқылы материалдық залал келтіруі немесе маңызды ақпаратты жоюынаәкеп соғуын білу қажет. (жеке деректерді, ата-аналардың банктік шоттарын, PIN-кодтарын, парольдерді, ата-ананың мәліметтерін, мекен-жайларын, оқу орны жайлы ешкімге айтпауын білу керек);
- ✓ смартфондағы қосымшалар мен ойындар тек ресми қызметтерден жүктеледі: AppStore, Google Play және Windows Market (басқа ресурстармен қауіпсіз емес).
- ✓ ұялы интернетті байланыс операторы арқылы ажыратыңыз (егер смартфон арқылы Интернетке кіруге тыйым салу қажет болса).

**Есіңізде болсын!**

**Қайсысы тиімді қорғау шаралары немесе қолданатын бағдарламаларыңыз болса да, тірі байланысты алмастыратын ештеңе жоқ! Балаңызбен көбірек сөйлесіп, оның мәселелеріне қызығушылық танытыңыз!**

Ақпаратты «Жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша өңірлік Хаб» қамтамасыз етті.

(Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау Академиясыны жобасы)

Байланыс телефондары:

+7(7172)71-20-19, 71-20-33

7171425@prokuror.kz

7171433@prokuror.kz

